**2018-2019 жылдарға арналған спорттың басым түрлерінің республикалық тізбесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2017 жылғы 30 қазандағы № 290 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 13 қарашада № 15983 болып тіркелді

"Спорт және дене шынықтыру туралы" 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 62) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған 2018-2019 жылдарға арналған спорттың басым түрлерінің республикалық тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт жетекшілік ететін вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі* | *А. Мұхамедиұлы* |

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт
министрінің

2017 жылғы 30 қазандағы
№ 290 бұйрығымен
бекітілген

# 2018-2019 жылдарға арналған спорттың басым түрлерінің республикалық тізбесі

| Спорт түрлерінің атауы | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Топтар атауы | № | Олимпиадалық емес спорт түрінің атауы | Жазғы олимпиадалық спорт түрінің атауы | Қысқы олимпиадалық спорт түрінің атауы | Паралимпиадалық спорт түрінің атауы | Ұлттық спорт түрінің атауы |
| "А" тобы | 1. | Номад ММА | Ауыр атлетика | Биатлон | Арбадағы би | Жекпе-жек |
| | 2. | Альпинизм | Байдаркамен каноэде есу | Конькимен мәнерлеп сырғанау | Ат спорты | Көкпар |
| | 3. | Гір спорты | Бокс | Коньки спорты | Биатлон | Қазақ күресі |
| | 4. | Грепплинг | Грек-рим күресі | Шайбалы хоккей | Гандбол | Тоғызқұмалақ |
| | 5. | Джиу-Джитсу | Дзюдо | Шаңғы спорты | Дзюдо | |
| | 6. | Каратэ кекушинкай РҚБ БҚҚҚҰ | Еркін күрес (ерлер, әйелдер) | Шорт-трек | Дойбы | |
| | 7. | Каратэ шинкиокушинкай | Жеңіл атлетика | | Жағажай волейболы | |
| | 8. | Киокушинкай кан каратэ | Жүзу | | Жеңіл атлетика | |
| | 9. | Қол күресі | Каратэ-до | | Жүзу | |
| | 10. | Қоян-қолтық күрес | Қазіргі бессайыс | | Каноэ | |
| | 11. | Муайтай | Стенд ату | | Керлинг | |
| | 12. | Панкратион | Су добы | | Қол күресі | |
| | 13. | Пауэрлифтинг, жатып сығымдау | Таеквондо | | Оқ ату | |
| | 14. | Самбо | Тасжолдағы велосипед спорты | | Отырып ойнау волейболы | |
| | 15. | Таэквон-до ITF | | | Пауэрлифтинг | |
| | 16. | Шахмат | | | Садақ ату | |
| | 17. | | | | Таеквондо | |
| | 18. | | | | Тоғызқұмалақ | |
| | 19. | | | | Тұрып ойнау волейболы | |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 20. | | | | Үстел теннисі | |
| | 21. | | | | Шаңғы жарысы | |
| | 22. | | | | Шахмат | |
| "В" тобы | 1. | Авиамодельдік спорт | Ат спорты | Тау шаңғысы | | Асық ату |
| | 2. | Автомотоспорт | Академиялық есу | Шаңғымен тұғырдан секіру | | Аударыспақ |
| | 3. | Әскери-қолданбалы спорт түрлері | Баскетбол | Фристайл акробатика | | Теңге ілу |
| | 4. | Белбеу күрес | Баскетбол 3х3 | Фристайл могул | | |
| | 5. | Би спорты | Волейбол | | | |
| | 6. | Бильярд | Көркем Гимнастика | | | |
| | 7. | Бодибилдинг, фитнес | Қол добы | | | |
| | 8. | Допты хоккей | Құзға өрмелеу | | | |
| | 9. | Дойбы | Оқ ату | | | |
| | 10. | Каратэ-до кекушинкай | Садақ ату | | | |
| | 11. | Кикбоксинг | Слаломды байдаркамен каноэде есу | | | |
| | 12. | Аралас ұрыс жекпе-жегі ММА | Суға секіру | | | |
| | 13. | Парашюттік спорт | Теннис | | | |
| | 14. | Президенттік көпсайыс | Тректегі велосипед спорты | | | |
| | 15. | Судомодельдік спорт | Үйлесімді жүзу | | | |
| | 16. | Сурдо жеңіл атлетика | Үстел тенисі | | | |
| | 17. | Сурдотаеквондо | Фехтование | | | |
| | 18. | Сурдо күрес | | | | |
| | 19. | Спорттық акробатика | | | | |
| | 20. | Спортық бағдарлау | | | | |
| | 1. | Айкидо | Ашық суда жүзу | Керлинг | | Бәйге |
| | 2. | Акробатикалық жолда секіру | Бадминтон | Сноуборд | | Жамбы ату |
| | | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 3. | Атлеттік гимнастика | Батутта және акробатикалық жолда секіру | Шана спорты | | Құсбегілік |
| 4. | Аэробика | Гольф | Фристайл ски-кросс | | |
| 5. | Әмбебеп жекпе-жек | Жағажайдағы волейбол | Шаңғы қоссайысы | | |
| 6. | Бейсбол | Желкенді спорт | | | |
| 7. | Боулинг | Көгалдағы хоккей | | | |
| 8. | Дартс | Маунтинбайк | | | |
| 9. | Дельтопланерлік спорт | Регби | | | |
| 10. | Есу-желкен көпсайысы | Спорттық гимнастика | | | |
| 11. | Жағажайлы/шағын футбол | Триатлон | | | |
| 12. | Капуэро | Футбол | | | |
| 13. | Каратэ шиторю/ годзюрю | | | | |
| 14. | Каратэ шотокан | | | | |
| 15. | Кендо | | | | |
| 16. | Кудо | | | | |
| 17. | Кунг фу | | | | |
| 18. | Қалалық спорт | | | | |
| 19. | Ластымен жүзу | | | | |
| 20. | Өрт-сөндіру қолданбалы спорты | | | | |
| 21. | Парапланерлік спорт | | | | |
| 22. | Пейнтбол | | | | |
| 23. | Радиоспорт | | | | |
| 24. | Ракетомодельдік спорт | | | | |
| 25. | Спорттық балық аулау | | | | |
| 26. | Спорттық лапта | | | | |
| | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| "С" тобы | 27. | Спорттық туризм | | | | |
| | 28. | Су астында балық аулау | | | | |
| | 29. | Су астындағы барлау | | | | |
| | 30. | Судағы спорттық аулау | | | | |
| | 31. | Сурдо бадминтон | | | | |
| | 32. | Сурдо волейбол | | | | |
| | 33. | Сурдо гір спорты | | | | |
| | 34. | Сурдо дартс | | | | |
| | 35. | Сурдо дойбы | | | | |
| | 36. | Сурдо жүзу | | | | |
| | 37. | Сурдо қол күресі | | | | |
| | 38. | Сурдо пауэрлифтинг | | | | |
| | 39. | Сурдо оқ ату спорты | | | | |
| | 40. | Сурдо тоғызқұмалақ | | | | |
| | 41. | Сурдо үстел теннис | | | | |
| | 42. | Сурдо футбол | | | | |
| | 43. | Сурдо шағын футбол | | | | |
| | 44. | Сурдо шайбалы хоккей | | | | |
| | 45. | Сурдо шаңғы жарысы | | | | |
| | 46. | Сурдо Шахмат | | | | |
| | 47. | Теңіз көпсайыс | | | | |
| | 48. | Трассалық моделизм | | | | |
| | 49. | Ушу | | | | |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 50. | Хапкидо | | | | |
| | 51. | Черлидинг | | | | |
| | 52. | Шейпинг | | | | |

Ескертпе:

* спорттың басым түрлерінің республикалық тізбесіндегі сараланған спорт түрлерін "А", "В", "С" топтарына бөлу Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2017 жылғы 26 шілдедегі № 216 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15509 болып тіркелген) Қазақстан Республикасында спорт түрлерін саралау қағидаларының 31-тармағына сәйкес жүргізіледі.

** аббревиатуралардың түсіндірмесі:

Каратэ кекушинкай РҚБ БҚККҰ – "Бүкілқазақстандық кекушинкай каратэ ұйымы" республикалық қоғамдық бірлестігі;

Таэквон-до-ITF - Таэквон-до International Taekwon-do Federation (Интернейшинел Таеквондо Федерейшн);

ММА - Mixed Martial Arts (Миксд Мартиал Артс).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК